



**ТЕЛЕФОНҒА ТЕЛМІРГЕН
ТАҒДЫРААР**

5-БЕТ



**КИІЗ ҮЙ ӘЛЕМГЕ
ЕСІГІН АШТЫ**

6-БЕТ



**Қазақстан Республикасының
сайлау учаскелерінен
тыс жерде дауыс беру**

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12.00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень беріледі. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бер!

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.**



ӘКІМ



«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

жобаларына бақылау күшейді

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен «Халық қатысатын бюджет» жобасының іске асырылу барысына арналған кеңес өтті. Жиын барысында тұрғындардың дауыс беруі арқылы іріктелген бастамалардың орындалу деңгейі сараланып, барлық жобаны сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтау мәселесіне ерекше назар аударылды.

Биыл «Халық қатысатын бюджет» аясында қала бойынша жалпы саны 219 жоба жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда оның 29-ы толық аяқталған. Тағы 188 жоба бойынша құрылыс және абаттандыру жұмыстары жалғасып жатыр, ал екі жобаға қатысты конкурстық рәсімдер жүргізілуде. Қала басшылығы барлық бастаманың жоспарға сәйкес орындалуын қамтамасыз етуді басты міндеттердің бірі ретінде белгіледі.

Бағдарлама аясында Алматының барлық ауданында қоғамдық кеңістіктерді жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, саябақтар мен скверлер абаттандырылып, жаяу жүргіншілер аймақтары, аула аумақтары мен өзен жағалаулары көркейтілуде. Бұл жұмыстар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға, қолайлы әрі қауіпсіз қалалық орта қалыптастыруға бағытталған. Барлық құрылыс-монтаж жұмыстарын биылғы жылдың тамыз айының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Кеңес барысында Дархан Сатыбалды аудан әкімдеріне әрбір нысанның іске асырылу барысын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды. Сонымен қатар, мердігер ұйымдардың жұмысына бақылауды күшейтіп, барлық жұмыстың жоғары сапада орындалуын және белгіленген мерзімнің сақталуын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Қала әкімі «Халық қатысатын бюджет» тұрғындар мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы тиімді өзара іс-қимылдың маңызды тетігі екенін айтты. Бұл жоба алматылықтарға қаланың даму үдерісіне тікелей қатысуға, өз ұсыныстарын енгізуге және қалалық ортаны жақсартуға үлес қосуға мүмкіндік береді.

Кеңес қорытындысы бойынша аудан әкімдіктеріне барлық жобаны уақытылы аяқтау, орындалатын жұмыстардың сапасына бақылауды күшейту, сондай-ақ жобалардың іске асырылу барысы туралы тұрғындарды budget.open-almaty.kz порталы арқылы тұрақты түрде хабардар етіп отыру тапсырылды. Бұл шаралар халықтың сенімін арттырып, жобалардың ашық әрі тиімді жүзеге асырылуына ықпал етеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САПАЛЫ ӨЗГЕРІСТЕР КЕЗЕҢІ

Үкіметтің кезекті есебінен нені көре аламыз?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында Үкімет алдына бірқатар маңызды міндеттерді қойған болатын. Айталық, экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымды жаңғырту, өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, көлік-логистика әлеуетін күшейту және халықтың тұрмыс сапасын арттыру маңызды міндеттерін жүктеген. Ал бұл тапсырмалардың орындалу барысы туралы Үкімет тұрақты түрде есеп беріп келеді.

20 шілдеде жарияланған кезекті есепте тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту, жаңа өндірістерді іске қосу, өңірлік инфрақұрылымды дамыту және ауылдарды қолдау бағытында атқарылған жұмыстардың нәтижелері ұсынылды. Бұл деректер Президент бастамаларының өңірлерде нақты жобалар арқылы жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

Инфрақұрылымды жаңғырту

Елімізде жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың басты ерекшелігі жекелеген мәселелерді уақытша шешуден жүйелі жаңғыртуға көшу. Бұрын апат болған нысандар ғана жөнделсе, қазір тұтас инженерлік желілерді, энергетикалық инфрақұрылымды, су шаруашылығын және көлік дәліздерін жаңарту қолға алынған. Бұл тәсіл ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Президент тапсырмалары аясында елімізде су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінуде. Соңғы екі жылда жүздеген ауылдың сумен қамтылуы

жақсарып, жаңа су қоймалары салынып, гидротехникалық құрылыстар жаңғыртылды. Сонымен қатар, су ресурстарын басқаруға цифрлық технологиялар енгізіліп, электронды келісім-шарттар жүйесі іске қосылды. Бұл суды тиімді пайдалануға және ашықтықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Коммуналдық шаруашылықта да ауқымды өзгерістер жүріп жатыр. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы мен ұлттық жоба аясында инженерлік желілер кезең-кезеңімен жаңартылуда. Мыңдаған шақырым электр, жылу, су және кәріз желілерін қайта жаңғырту тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартып, апаттардың санын азайтуға бағытталған.

Өңдеу өнеркәсібі

Үкіметтің есебінде өңірлерде жүзеге асырылып жатқан индустриялық жобалардың нақты нәтижесі көрсетілген. Алматы облысында металл конструкциялары мен бетон өндіретін жаңа кешеннің іске қосылуы құрылыс саласының отандық өндіріске көбірек сүйенуіне жол

ашады. Бұл кәсіпорын ішкі нарықты қамтамасыз етумен қатар, өнімін көршілес мемлекеттерге экспорттауды жоспарлап отыр.

Түркістан облысында ламинат шығаратын жаңа зауыттың ашылуы да импортқа тәуелділікті төмендетуге бағытталған маңызды жоба. Ал Қызылорда облысындағы түйе сүтінен құрғақ ұнтақ және жоғары сұрыпты ас тұзын өндіретін кәсіпорындар ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеудің тиімді үлгісіне айналуда.

Бұл жобалардың ортақ ерекшелігі жергілікті шикізатты пайдалану, жаңа технологияларды енгізу және тұрақты жұмыс орындарын құру. Соның арқасында өңірлердің экономикалық белсенділігі артып, шағын және орта бизнеске де жаңа мүмкіндіктер ашылуда.

Транзиттік әлеует

Президент Қазақстанның Еуразиядағы негізгі транзиттік орталыққа айналуын бірнеше рет стратегиялық мақсат ретінде атап өткен болатын. Бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Биыл республика бойынша рекордтық көлемде автомобиль жолдары салынып, жөнделуде. Теміржол желілері кеңейіп, Ақтау теңіз портындағы контейнерлік хаб іске қосылды. Сонымен бірге, Алматы облысында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ірі логистикалық кешеннің алғашқы кезеңі пайдалануға берілді.

Мұндай инфрақұрылымдық жобалар жүк тасымалын жылдамдатып қана қоймай, Қазақстан арқылы өтетін халықаралық



сауда ағындарын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Көлік қатынастары да кеңейіп келеді. Атырау – Батуми жаңа әуе бағытының ашылуы Қазақстанның халықаралық байланысын нығайтып, туризм мен бизнестің дамуына қосыша серпін береді.

Тұтас экожүйе

Үкіметтің екі есебін салыстыра қарағанда бірнеше маңызды үрдіс анық байқалады. Біріншіден, мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты әлеуметтік төлемдерді ұлғайтудан нақты экономикалық өсім қалыптастыратын и н ф р а қ ұ р ы л ы м д ы қ инвестицияларға ауысып келеді. Екіншіден, өңдеуші өнеркәсіпке басымдық беріліп, жергілікті шикізатты терең өңдеуге және импортты алмастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл Қазақстан экономикасының шикізатқа тәуелділігін кезең-кезеңімен төмендетуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, өңірлерді дамыту кешенді сипат алып отыр. Жаңа зауыттар мен логистикалық орталықтар салумен қатар, жолдар, инженерлік желілер, спорт нысандары мен әлеуметтік инфрақұрылым қатар жаңартылуда. Бұл халықтың тұрмыс сапасын арттырып қана қоймай, өңірлердің инвестициялық тартымдылығын күшейтеді.

Президент тапсырмаларын жүзеге асыру нәтижесінде елімізде тек жекелеген жобалар емес, тұтас экономикалық экожүйе қалыптасып келеді. Инфрақұрылымды жаңғырту, жаңа өндірістерді іске қосу, транзиттік әлеуетті кеңейту және ауылдарды дамыту бағытындағы жұмыстар өзара байланысып, елдің ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылығына негіз қалайды.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

(Дереккөз: Primeminister.kz)

СЕНІМ мен ТИІМДІЛІК

Үш айда 29 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді

Әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімді жұмысы – экономикалық тұрақтылықтың маңызды көрсеткіштерінің бірі. Алматыда жыл басынан бері осы бағыттағы жұмыстар нәтижесінде тұрғындарға 29 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. Сонымен қатар, мүгедектікті анықтау, оңалту құралдарымен қамтамасыз ету және әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігін бақылау бағытындағы жұмыстар жалғасуда.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Мұрат Мұратбековтің мәліметінше, көрсетілген қызметтердің 23 628-і зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелеріне қатысты болса, 5500 қызмет мүгедектікті белгілеу мен қажетті әлеуметтік қорғау шараларын әзірлеуге бағытталған.

Мемлекеттік қызметтердің негізгі бөлігі электрондық үкімет порталы мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген. Бұл қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Жыл басынан бері ең көп көрсетілген мемлекеттік қызмет – бала тууына және оның күтіміне байланысты жәрдемақы тағайындау. Бұл қызмет бойынша 6887 өтініш қаралған. Сондай-ақ, мүгедектікті белгілеу қызметі – 5500, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау – 4353, ал жасына байланысты зейнетақы төлемін рәсімдеу бойынша 3956 қызмет көрсетілген. Департамент мәліметінше, медициналық-әлеуметтік сараптама саласында оң динамика байқалады. Жыл басынан бері алғаш рет мүгедектікке 1207 адам куәландырылып, олардың 97,3 пайызына мүгедектік белгіленген. Алғашқы мүгедектік көрсеткіші 4,6 пайызды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі 5 пайыздан және республикалық орташа көрсеткіштен (6,7%) төмен болды.

Ересектер арасында алғаш рет мүгедектікке әкелген негізгі себептердің көшін қатерлі ісіктер бастап тұр. Оның үлесі – 49,9 пайыз. Бұдан кейін қан айналымы жүйесі аурулары – 18,7 пайыз, психикалық аурулар – 6,4 пайыз. Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде проактивті форматтың үлесі де артып келеді. Қазіргі кезде мүгедектікті белгілеу қызметтерінің 48 пайызы азаматтың жеке қатысуынсыз, медициналық ұйымдардың құжаттары негізінде қашықтан рәсімделеді.

Мүгедектігі бар азаматтарды оңалту құралдарымен қамтамасыз ету бағытында да жұмыстар жүргізілуде. Жыл басынан бері осы қызмет бойынша 31 мыңға жуық


өтініш қабылданып, оның 14 677-сі немесе 47,7 пайызы орындалған. Кейбір өтініштердің орындалу мерзімі санаторийге жолдамалар мен протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындау уақытына байланысты.

Мониторинг барысында әлеуметтік қызметтер порталындағы талаптарға сәйкес келмеген 76 жеткізуші тізілімнен шығарылған. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына қолжетімділігіне қатысты 8 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 39 заңбұзушылық анықталған. Нәтижесінде жалпы сомасы 1,8 млн. теңгеге бес әкімшілік айыппұл салынды. Жыл басынан бері департаментке жеке және заңды тұлғалардан 1500-ден астам өтініш келіп түскен. Оның басым бөлігі медициналық-әлеуметтік сараптама, зейнетақымен қамсыздандыру және мүгедектігі бар азаматтардың әлеуметтік қорғау мәселелеріне қатысты болды.

Мұрат Мұратбековтің айтуынша, алдағы уақытта да әлеуметтік кепілдіктердің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ету, мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік бақылауды күшейту жұмыстары жалғасады. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы әкімшілік шығындарды азайтып, бюджет қаражатының тиімді жұмсалыуына мүмкіндік береді. Ал әлеуметтік қызметтердің сапалы көрсетілуі халықтың өмір сүру деңгейін жақсартып, еңбекке қабілетті азаматтардың экономикалық белсенділігін сақтауға ықпал етеді. Сондықтан әлеуметтік қорғау саласындағы тиімділік көрсеткіштері ел экономикасының орнықты дамуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып қала береді.

Дана САДЫРҚАН.

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



АЛМАТЫ – БІШКЕК автожолын кеңейту жобасы басталды

Алматы облысының Қарасай ауданында республикалық маңызы бар Алматы – Бішкек автомобиль жолының 19-27 шақырым аралығын қайта жаңғырту және кеңейту жұмыстары басталды. Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көлік инфрақұрылымын дамыту және автомобиль жолдарының өткізу қабілетін арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында жүзеге асырылып жатыр.

Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Алмасхан Сматлаев, Алматы облысы әкімдігінің, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ, Қарасай ауданы әкімдігінің, мердігер ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Жобаның техникалық параметрлерімен танысқаннан кейін құрылыс техникасы жер жұмыстарына кірісті.

Қайта жаңғыртылатын жол учаскесі республикалық жол желісіндегі ең қарқынды қозғалыс жүретін бағыттардың бірі

саналады. Бұл жолмен тәулігіне 70 мыңнан астам автокөлік қатынайды. Қазіргі төрт жолақты жолдың өткізу қабілеті жеткіліксіз болғандықтан, көлік кептелісі жиі туындап, қозғалыс жылдамдығы төмендейді және Алматы қаласы мен қала маңындағы елдімекендер арасындағы көлік байланысына кері әсерін тигізуде.

«Алматы – Бішкек автожолы тек қала үшін ғана емес, бүкіл Алматы агломерациясы үшін стратегиялық маңызы бар бағыт. Жолды кеңейту оның өткізу

қабілетін арттырып, жол жүру уақытын қысқартады, сондай-ақ жүргізушілер мен жолаушылар үшін қауіпсіз әрі жайлы жағдай қалыптастырады», – деді Алмасхан Сматлаев.

Жоба аясында жолдың жүріс бөлігі төрт жолақтан сегіз жолаққа дейін кеңейтіледі. Сонымен қатар, «таға» үлгісіндегі екі жолайрық, тоғыз жерүсті жүргіншілер өткелі салынып, жол бойына тротуарлар мен заманауи сыртқы жарықтандыру жүйесі орнатылады. Бұдан бөлек, газ құбырлары, сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және байланыс желілері қайта жаңартылып, жолға жаңа күрделі үлгідегі жабын төселеді. Жоба 2026 жылдың сәуір айында мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды.

«Бұл жол учаскесін жаңғырту – Алматының көлік жүйесін кешенді дамыту жұмыстарының бір бөлігі. Қазіргі уақытта қалада Үлкен Алматы айналма автомобиль жолына дейін созылатын алты радиалды жол мен жеті магистральдық көшені салу және ұзарту жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар, метро, LRT және SkyTrain жүйелері қатар дамытылып жатыр», – деді Алмасхан Сматлаев.

Жобаны іске асыру нәтижесінде Алматы қаласына кіреберіс және шығаберіс бағыттардағы көлік жүктемесін азайту, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру және қала мен қала маңындағы елдімекендер арасындағы көлік қатынасын жақсарту көзделіп отыр. Сонымен қатар, жоба Қазақстан мен Қырғызстанды байланыстыратын халықаралық көлік дәлізін дамытуға, сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға және еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖӘРМЕҢКЕ

ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕР АЛАҢЫ

Қаламызда 2026 жылдың алғашқы алты айында өткен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне 500 мыңнан астам тұрғын мен қала қонақтары қатысқан. Жуықтап алғанда, жәрмеңкелерде 13 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімі, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары сатылған.

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы демалыс сайын ұйымдастыратын жәрмеңкелердің жөні бөлек. Айталық, отандық ауыл шаруашылығы тауарлары делдалсыз әрі оңтайлы бағада сатылады. Сауда орындарында көкөніс пен жеміс-жидек, ет және сүт өнімдері, жұмыртқа, бал, нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер, кептірілген жемістер секілді мыңнан астам тауар түрі ұсынылады.

Жәрмеңкелерге Алматы қаласы, Алматы облысы және еліміздің өзге өңірлерінен 300-ден астам фермерлік шаруашылық, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен кәсіпкерлер тұрақты түрде қатысады. Сауда-саттықтың мұндай ерекше түрі жергілікті өндірушілерді қолдап қана қоймай, азық-түлік бағасының тұрақтануына ықпал етеді.

Қазіргі уақытта демалыс күнгіш жәрмеңкелер қаланың бес ауданында – Әуезов, Алмалы, Медеу, Бостандық және Жетісу аудандарында өткізіледі.

Сонымен қатар, «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жәрмеңке алаңдарын жаңғыртып жатыр.

Қазіргі кезде Бостандық ауданындағы «Қазақфильм» шағынауданында және Әуезов ауданында орналасқан бірқатар нысандар жөнделу үстінде.

Өйткені, аумақты абаттандыру, сауда павильондарын жаңарту, санитарлық инфрақұрылымды жақсарту, инженерлік желілерді тарту және нысандарды қолданыстағы заңнама талаптары мен Алматы қаласының дизайн-кодына сәйкестендіру көзделген. Осыған байланысты Әуезов ауданындағы жәрмеңке уақытша Рысқұлбеков көшесі, 33/2 мекенжайына көшірілді.

Таяу арада жәрмеңке алаңдарын жаңарту жүйелі түрде әрі қаланың барлық сегіз ауданында жүзеге асырылады.

Демалыс күнгі ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері әр сенбі және жексенбі күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін ашық.

Қала тұрғындары мен қонақтары жәрмеңкелерді Бостандық ауданындағы «Қазақфильм» шағынауданында, Әуезов ауданындағы Рысқұлбеков көшесі, 33/2 мекенжайында, Медеу ауданындағы Меңдікүлов пен Бектұров көшелерінің қиылысында, Алмалы ауданындағы Масаншы көшесінде (Әйтеке би мен Гоголь көшелерінің аралығы) және Жетісу ауданындағы «Құлагер» шағынауданында аралай алады.

Дастан ҚАСТАЙ.

ПРЕСС-ТУР

Жасыл желек жайқалған қала

Медеу ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында қолға алынған абаттандыру жобалары кезең-кезеңімен жүзеге асу үстінде. Соның бір дәлелі – Қарасай батыр көшесіндегі «Дәрігерлер» аллеясының жаңарып, пайдалануға берілуі. Сонымен қатар, Жамбыл және Төлебаев көшелерінде көгалдандыру мен автоматты суару жүйесін орнату жұмыстары аяқталуға жақын.

Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған баспасөз турында аудан әкімдігі өкілдері журналистерге атқарылған жұмыстарды таныстырып, бағдарламаның жүзеге асу барысы туралы айтып берді.

Медеу ауданы әкімінің орынбасары Азат Кәкетаевтың айтуына қарағанда, «Дәрігерлер» аллеясы биыл толық жаңартылып, тұрғындар игілігіне берілген. Жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында тұрғындардың ұсынысы мен дауыс беру қорытындысы негізінде жүзеге асқан.

– Аллеяда жаңа жаяу жүргіншілер жолы салынып, зертас төселді. Заманауи жарық беру жүйесі орнатылып, орындықтар мен қоқыс жәшіктері қойылды. Аумақ тұтастай көгалдандырылып, автоматты суару жүйесі іске қосылды. Биыл аудан бойынша осы бағдарлама аясында 30 жоба жүзеге асырылып жатыр. Қазіргі таңда оның бесеуі толық аяқталды. Қалған жобаларды қыркүйек айының соңына

дейін аяқтаймыз деп отырмыз, – деді Азат Кәкетаев.

Қайта жаңғырту барысында аллеяның инфрақұрылымы түгелдей жаңартылды. Жалпы аумағы 320 шаршы метр болатын жаяу жүргіншілер жолына жаңа зертас төселіп, аумақ қоршалды. Жарық төгетін бағаналар мен көше шамдары орнатылып, тұрғындардың тыныстауына арналған орындықтар қойылды.

Көгалдандыру жұмыстары да назардан тыс қалған жоқ. Аллеяның 2700 шаршы метр аумағы жайқала түсіп, 260 түп сәндік бұта егілді. Жасыл желекті күтіп-баптау үшін автоматты суару жүйесі іске қосылды. Суару бірнеше аймаққа бөлінгендіктен, әр бөлік алма-кезек суарылады. Мұндай тәсіл су қысымын бірқалыпты сақтап, тиімді жұмсалудына мүмкіндік береді.

Баспасөз туры барысында журналистер Жамбыл Жабаев және Мұқан Төлебаев көшелеріндегі көгалдандыру жұмыстарының барысымен де танысты. Бұл



аумақтарда жалпы ұзындығы 14 шақырымнан асатын автоматты суару желісі тартылған, сорғы стансалары орнатылған. Қазір құрылыс-монтаж жұмыстарының басым бөлігі аяқталып, жүйені іске қосу мен реттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Мамандардың мәліметінше, жаңа нысандардағы жұмыстардың орындалу деңгейі 90 пайызға жеткен. Барлық жұмысты алдағы он күн ішінде толық аяқтау жоспарланған.

Баспасөз турында су ресурстарын үнемді пайдалану мәселесіне де ерекше назар аударылды. Аудан аумағында жасыл желекті ауызсумен суарудан кезең-кезеңімен бас тарту көзделіп отыр. Осы мақсатта су жинайтын резервуарлар, сорғы стансалары салынып, ұңғымалар қазылу үстінде. Болашақта суару жүйесі

негізінен Кіші Алматы өзенінен алынатын техникалық сумен қамтамасыз етіледі. Бұл ауызсу қорын үнемдеуге әрі қаланың жасыл желегін тұрақты күтіп-баптауға мүмкіндік береді.

Жалпы, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы тұрғындардың өз ауданын дамытуға тікелей қатысуына жол ашып отыр. Қала тұрғындары аулаларды, саябақтарды, аллеялар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жөніндегі бастамаларын ұсынып, үздік жобаларға дауыс береді. Соның нәтижесінде халықтың сұранысына сай қоғамдық кеңістіктер көбейіп, Алматының тынысы кеңейіп, жасыл желегі жылдан-жылға құлпырып келеді.

Дастан ҚУАНДЫҚҰЛЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

КЕПТЕЛІСКЕ ҚАРСЫ ЖОСПАР

Алматы көшелері қалай өзгеріп жатыр?

Қалада қоғамдық көліктің жұмысын жақсарту, жол кептелісін азайту және тұрғындарға қолайлы көлік инфрақұрылымын қалыптастыру бағытындағы ауқымды жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Автобус жолақтары мен веложолдар желісі кеңейтіліп, жаңа бағыттар ашылады. Оған қоса, LRT желісінің құрылысы басталмақ. Бірқатар көшеде біржақты қозғалыс енгізіліп, қоғамдық көлік жүргізушілеріне бақылау күшейтіледі.

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ержан Диханбаев бүгінде Алматыда 26 тасымалдаушы 206 тұрақты бағытқа қызмет көрсететінін айтты. Оның 127-сі қалалық, 21-і таулы аймақтарға, ал 58-і қала маңына қатынайды. Қазіргі уақытта қоғамдық көлік паркінде 3108 автобус бар. Оның ішінде 1564-і газбен жүретін автобус, 137-сі электробус, 156-сы троллейбус, ал 1251-і дизельді автобус. Бағыттардың қозғалыс тұрақтылығы 99 пайызға жеткен.

Бүгінде қаламыздың қоғамдық көлігі үнемі дамып келе жатқан үлкен жүйе. Біз жылжымалы құрамды жаңартып, бағыттарды күшейтіп, жаңа маршруттар ашып жатырмыз. Негізгі мақсатымыз – қаланың барлық ауданында тұрғындарға ыңғайлы әрі тұрақты көлік қызметін қамтамасыз ету, – деді Ержан Диханбаев.

Биыл №21, №61, №64, №83, №84, №90, №96 және №130 бағыттары іске қосылып, оларға 105 автобус шығарылған. Сонымен қатар, 10 бағыттағы жылжымалы құрам жаңартылып, 162 жаңа автобус сатып алынған. Тағы 49 бағыт қосымша көлікпен күшейтіліп, автобустар саны 489-дан 719-ға дейін артқан. Алдағы уақытта «Әуезов-сити» шағынауданына жаңа автобус бағытын ашу жоспарланып отыр.

Қоғамдық көлік жолдары кеңейеді

Қоғамдық көлікке басымдық беру саясатына байланысты әл-Фараби даңғылы, Тілендиев, Шевченко, Құрманғазы, Сәтбаев, Өтеген батыр, Рысқұлов көшелері, сондай-ақ Шығыс айналма автомобиль жолы мен Солтүстік айналымда жаңа арнайы автобус жолақтарын салу жоспарланды.

Сонымен қатар, велоинфрақұрылым да айтарлықтай кеңеймек. Егер қазір



Алматыдағы веложолдардың жалпы ұзындығы 87 шақырым болса, 2026 жылдың соңына дейін оны 125,5 шақырымға жеткізу көзделіп отыр. Жаңа веложолақтар Сәтбаев, Масаншы, Жароков, Жандосов, Жамбыл, Қарасай батыр, Қазыбек би көшелерінде, сондай-ақ Назарбаев және Абылай хан даңғылдарында пайда болуы мүмкін.

Ыңғайлы шаралар

Жол кептелісін азайту үшін әкімдік қозғалысты ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін

сынақтан өткізбек. Алғашқы кезеңде жаңа жол таңбалары арқылы пилоттық жобалар іске асырылып, нәтижесі оң болған жағдайда тұрақты түрде енгізіледі. Өзгерістер «Тастақ» базары маңындағы Брусиловский, Түркебаев, Қарасай батыр, Құлымбетов және Прокофьев көшелерін, сондай-ақ Әуезов – Байзақов, Жуков – Уәлиханов және Радостовец көшелерінің учаскелерін қамтиды. Бұдан бөлек, Тимирязев, Жандосов, Манас, Мыңбаев, Береговая, Армянская, Айманов және Пушкин көшелерінде де біржақты қозғалыс енгізу мүмкіндігі қарастырылып жатыр.



Мұндай өзгерістер көшелердің өткізу қабілетін 20–25 пайызға арттырып, жол-көлік оқиғаларын 35 пайызға дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Интеллектуалды көлік жүйесі де кезең-кезеңімен енгізіліп жатыр. Бағдаршамдарды автоматты басқару, көлік ағынын камералар мен дрондар арқылы талдау, магистральдарда «жасыл дәліз» қалыптастыру жобалары қолға алынған.

Ұзындығы 18,3 шақырым болатын алғашқы желі Төле би көшесімен өтіп, Абылай хан даңғылы арқылы Алматы-2 вокзалына дейін, әрі қарай Момышұлы көшесімен Алатау ауданындағы Индустриялық аймаққа дейін созылады. Қазіргі уақытта жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі мемлекеттік сараптамадан өтуде. Оң қорытынды шыққаннан кейін құрылыс жұмыстары басталады.

Бақылау күшейтіледі

Қоғамдық көлік сапасын жақсарту үшін Алматыда жаңа бақылау-линиялық қызмет құрылды. Оның қызметкерлері автобустардың техникалық және санитарлық жағдайын, қозғалыс кестесінің сақталуын және жүргізушілердің тәртібін күн сайын тексереді.

Қала әкімдігінің мәліметінше, тұрғындардан қоғамдық көлікке қатысты аптасына шамамен, 800 шағым түседі. Оның ішінде 300-ге жуығы Open Almaty платформасы арқылы, 400-ге жуығы e-Otinish жүйесі арқылы келеді. Көбіне тұрғындар автобустың кешігуіне, салон тазалығына, кондиционердің жұмыс істемеуіне және жүргізушілердің әрекетіне шағымданады.

Пилоттық жоба басталғалы бері бақылау қызметі 989 құқықбұзушылықты анықтаған. Олардың қатарында рөлде телефон пайдалану, аялдамадан өтініп кету, билетсіз қолма-қол ақша алу және жолаушыларға қызмет көрсету талаптарын бұзу бар.

«Алматыэлектротранс» компаниясының пайдалану жөніндегі бас директордың орынбасары Асхат Әбішевтің айтуынша, жүргізушілердің жұмысы бейнебақылау және арнайы мониторинг жүйелері арқылы тәулік сайын қадағаланады. Апта сайын шамамен 70 жүргізуші тәртіптік кеңестің қарауына шығарылады. Негізгі назар қызмет сапасын арттыруға, көлік паркін жаңартуға және тұрғындарға жайлы әрі қауіпсіз қоғамдық көлік жүйесін қалыптастыруға аударылып отыр.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ

Қазіргі таңда жоспарланған бағыттың басым бөлігінде трамвай рельстері мен асфальт жабынын бөлшектеу жұмыстары аяқталды. Ендігі кезекте болашақ LRT желісінің негізін салу жұмыстары жүргізіледі.

Ұзындығы 18 шақырым болатын бағытта 34 аялдама қарастырылған. Ол Алатау ауданындағы индустриялық аймақты Алматының орталық бөлігімен және Алматы-2 теміржол вокзалымен байланыстырады.

LRT пойыздарының әрқайсысы 285 жолаушыға дейін тасымалдай алады. Қозғалыстың орташа жылдамдығы шамамен, сағатына – 35 шақырым.

Қаладағы LRT жерүсті желісі болады және биік эстакадаларсыз салынады. Жобаның басты ерекшеліктерінің бірі – әуе байланыс желілерінен (контакт сымдарынан) бас тарту. Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы басшысының орынбасары Асан Бостановтың айтуынша, жылжымалы құрам аялдамаларда қуатталатын аккумуляторлық батареялармен жұмыс істеуі мүмкін деген нұсқа қарастырылып жатыр.

Егер бұл шешім жүзеге асса, желі бойына байланыс сымдарын тартудың қажеті болмайды. Бұл қаланың ашық сәулеттік келбетін сақтауға мүмкіндік береді. Айта кетейік, LRT-дің алғашқы желісін 2027 жылдың соңына қарай іске қосу жоспарланып отыр.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

АЛҒАШҚЫ LRT ЖЕЛІСІ

2027 жылдың соңына қарай іске қосылуы мүмкін



КИІЗ ҮЙ ӘЛЕМГЕ ЕСІГІН АШТЫ



Халқымыздың бай мәдени қазынасын шет тілінде насихаттаудың жаңа бір дәуірі басталғандай. Руханияттың алтын шаңырағы «Атамұра» кітап үйінде өнертанушы-шебер, этнограф Бұлбұл Кәпқызының қазақтың киіз үй мәдениетіне арналып ағылшын тілінде жарық көрген «The Kazakh Yurt» кітабының тұсауы кесілді.

Салтанатты жиынды «Атамұра» корпорациясының президенті Рақымғали Құл-Мұхаммед ашып, жаңа кітаппен таныстырды. Ол сөзінде киіз үй мәдениетімен қонақжайлық дәстүріміздің тығыз байланысты екенін айтып өтті. Кітаптың тұсауын кескен Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы Кәдірбек Сегізбай, филология ғылымының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлы, ақын Бауыржан Қарабек және қаламгер Қайнар Олжай жаңа еңбекке қазақ үшін ұлттық құндылық дүниеге келді деп баға берді.

— Қазақ үшін киіз үй баспанадан бөлек ұлттық дүниетаным мен рухани құндылықтардың көрінісі. Көшпелі өмір салтында әр шаңырақ жолаушыға әрдайым ашық болып, қонақжайлық пен бауырмалдықтың символына айналды. Ал шаңырақ ұғымы отбасының бірлігін, ұрпақ сабақтастығын және ата-баба мұрасын сақтауды білдіреді. Сондықтан ағылшын тілінде жарық көрген «The Kazakh Yurt» кітабы әлем оқырмандарына қазақ халқының осы терең рухани болмысы мен мәдени құндылықтарын танытуға жол ашады, — деді Рахымғали Абрарұлы.

«Шебердің қолы ортақ»

Жаңа кітаптың авторы Бұлбұл Кәпқызы қазақтың дәстүрлі қолөнерін, этнографиясын, киіз үй мәдениетін ұзақ жылдар бойы зерттеп, оны тәжірибемен ұштастырып жүрген өнертанушы-шебер. Бұл еңбегінде киіз үйді сыртқы пішінімен ғана емес, оның ішкі мазмұнымен, жасалу жолымен, тұрмыстағы қызметімен, рухани символикасымен бірге қарастырған. Сондықтан бұл ұлттың ұмыт бола бастаған шеберлік мектебін, көшпелі өмір мәдениетін, қазақтың кеңестік туралы түсінігін танытатын еңбек.

Бұлбұл Кәпқызының «Киіз үй» кітабы туралы айтқанда, ең алдымен автордың тақырыпқа деген ерекше жақындығы сезіледі. Әрине, киіз үйді зерттеу үшін оны тек сырттай бақылау жеткіліксіз. Ол үшін алдымен оның сүйегін ұстап көру, киізін басу, бауын есу, өрнегін тану, шеберлердің еңбегін түсіну қажет. Автордың өнертанушы-шебер ретінде осы саланы терең меңгеруі кітаптың мазмұнын байыта түскен. Сондықтан еңбек ғылыми сипатымен қатар, тәжірибелік құндылыққа да ие болып отыр.

Сүбелі еңбекті ағылшын тіліне ақын, аудармашы Дүйсенәлі Әлімақын тәржімалаған. Мұндай ауқымды еңбекті аударудың оңай болмасы анық. Себебі, киіз үйге қатысты көптеген атаулардың баламасы басқа тілдерде дәлме-дәл кездесе бермейді. Кереге, уық, шаңырақ, түндік, үзік, туырлық, басқұр, бау, ши, өрмек, текемет,

сырмақ сияқты ұғымдар жәй ғана тұрмыстық атаулар емес, ұлттық мәдениеттің коды. Олардың әрқайсысын шетелдік оқырманға түсінікті әрі мағынасын жоғалтпай жеткізу аудармашыдан тілдік шеберлікпен қатар, этнографиялық білімді де талап етеді.

Ұлы дала мұрасы

Қазақтың киіз үйінің ерекшелігі — қарапайымдылық пен күрделіліктің ерекше үйлесімінде. Оның дөңгелек пішіні желге төзімді, ішкі кеңестігі жылуды сақтауға қолайлы, ал жиналып, құрастырылуы көшпелі өмірге бейімделген. Бүгінгі таңда киіз үй бұрынғыдай күнделікті негізгі баспана ретінде кең қолданылмаса да, оның мәдени өмірдегі орны сақталып келеді. Ұлттық мерекелерде, этноауылдарда, көрмелерде, халықаралық іс-шараларда киіз үй тігіледі.

Бұлбұл Кәпқызының еңбегі дәл осы терең мазмұнды ашуға бағытталған. Еңбекте киіз үйдің тарихы, құрылымы, жасалу технологиясы, ұлттық қолөнермен байланысы, рухани мәні жан-жақты баяндалады. Кітапта кереге, уық, шаңырақ жасау тәсілдерімен қатар, киіз басу, ши тоқу, өрмек тоқу, бау басқұр дайындау, арқан есу, үй жабдықтарын әзірлеу сияқты дәстүрлі өнер түрлері де сипатталады. Бұл — бүгінгі оқырман үшін өте маңызды. Өйткені, урбанизация күшейген сайын бұрын күнделікті өмірдің бір бөлігі болған қолөнер түрлері біртіндеп ұмытылып барады.

Төл символика жиынтығы

Киіз үйдің тағы бір маңызды қыры — оның отбасылық және әлеуметтік өмірдегі орны. Қазақ қоғамында киіз үй тек баспана емес, отбасының, ауылдың, қауымның тіршілік орталығы болды. Киіз үйдің экологиялық сипаты қазіргі заман үшін де өзекті. Бүгінде әлем тұрақты даму, табиғи материалдарды пайдалану, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру мәселелеріне ерекше назар аударып отыр. Ал киіз үй осы ұстанымдардың көне дәуірден келе жатқан үлгісі.

Киіз үйдің негізгі қаңқасын кереге, уық, шаңырақ құрайды. Кереге үйдің қа-

бырғасы, кеңестікті қоршап тұратын негізгі сүйек. Ол жиналмалы болып жасалады, сондықтан көш кезінде тасымалдауға ыңғайлы. Уық — кереге мен шаңырақты жалғайтын иінді ағаш. Ол киіз үйдің күмбезді пішінін қалыптастырып, бүкіл құрылымның беріктігін қамтамасыз етеді. Шаңырақ — киіз үйдің ең қасиетті бөлігі. Қазақ танымында шаңырақ отбасының, әулеттің, ұрпақ жалғастығының символы саналады. «Шаңырағың биік болсын», «шаңырақ көтеру», «қара шаңырақ» сияқты тіркестердің өзі бұл ұғымның халқымыздың рухани өміріндегі орнын көрсетеді.

Киіз үйдің сыртқы жабындары да ерекше мәнге ие. Туырлық керегені жабады, үзік уықтың үстін қаптаиды, түндік шаңырақтың үстіне жабылады. Бұл жабындардың барлығы киізден жасалады. Киіз басу өнері — қазақ қолөнерінің ең көне әрі күрделі салаларының бірі. Жүнді сабау, шиге тарту, су себу, білектену, тебу, пісіру — мұның бәрі үлкен еңбек пен тәжірибені қажет етеді. Киіз тек тұрмыстық материал емес, табиғи, жылы, жеңіл әрі көшпелі өмірге өте қолайлы бұйым. Ол жазда салқындық сақтаса, қыста жылуды ұстайды.

Киіз үйдің ішкі жабдықталуы да халықтың эстетикалық талғамын танытады. Текемет, сырмақ, алаша, кілем, тұскиіз,



басқұр, бау-шулар — бұлардың әрқайсысы үйдің көркін келтіріп қана қоймай, тұрмыстық қызмет атқарады. Қазақ шеберлері әрбір бұйымды ою-өрнекпен безендіріп, оған мағына берген. Сондықтан киіз үйдің ішіндегі әрбір зат — тұрмыс бұйымы ғана емес, халықтың көркем ойлау жүйесінің көрінісі.

Аталған еңбектің авторы еңбегінде киіз үйдің дәл осы қырлары кеңінен қамтылған. Ұлттық мұраны терең танытып, оны халықаралық оқырманға жеткізу жолында маңызды еңбек жарық көрді. Бұл басылым қазақтың дәстүрлі баспанасын шетелдік оқырманға таныстыратын ғана емес, киіз үйдің тарихын, құрылымын, жасалу технологиясын, мәдени және рухани мәнін жүйелі түрде сипаттайтын құнды еңбек ретінде бағаланып отыр.

Уақыт талабына сай еңбек

Кітаптың жарық көруі — ұлттық мәдениетті әлемдік кеңестікке шығарудың нақты қадамы. Себебі, қазіргі заманда мәдени мұраны сақтау тек ел ішінде насихаттаумен шектелмейді. Ұлттың бай тарихы мен рухани құндылықтары әлем тілдеріне аударылып, халықаралық оқырманға жеткенде ғана оның танымдық, ғылыми және мәдени маңызы арта түседі. Осы тұрғыдан алғанда, «The Kazakh Yurt» басылымы қазақ мәдениетін жаһандық деңгейде танытатын маңызды жоба.

Бүгінде Қазақстан туралы білгісі келетін шетелдіктер үшін елдің экономикасы, табиғи ресурстары немесе қазіргі қалалары ғана емес, оның мәдени негізі де маңызды. Қазақ халқының кім екенін түсіну үшін оның тарихына, тіліне, өнеріне, тұрмысына, дүниетанымына үңілу қажет. Ал киіз үй — осының бәрін бір арнаға тоғыстыратын айрықша мәдени нысан.

Кітаптың бұған дейін ТҰРКСОЙ халықаралық ұйымының 2025 жылғы Бас жұлдісіне ие болуы да еңбектің жоғары бағаланғанын көрсетеді. ТҰРКСОЙ — түркі халықтарының мәдени байланысын дамытуға бағытталған ұйым. Мұндай ұйым тарапынан берілген жоғары баға кітаптың тек Қазақстан үшін ғана емес, тұтас түркі әлемі үшін де маңызы бар екенін аңғартады.

— «The Kazakh Yurt» кітабы қазақ тілін білмейтін шетелдік зерттеушілер үшін этнография, мәдениеттану, сәулет және түркітану салаларындағы құнды дереккөз бола алады. Сонымен қатар, еңбек жас ұрпаққа киіз үйдің құрылымы, жасалу технологиясы мен мәдени мәнін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Сондықтан кітапты мектептерде, кітапханаларда және жоғары оқу орындарында кеңінен пайдалануға болады. Бұл жоба ұлттық мұраны дәріптеп қана қоймай, ұзақ жылдар бойы маңызын сақтайтын мәдени құндылықтарды насихаттауға бағытталған маңызды баспа еңбегі саналады, — деді қаламгер Қайнар Олжай.

Жаңа дәуір басталды

Бүгінгі жаһандану дәуірінде әр халықтың өзіндік ерекшелігін сақтау мәселесі өзекті болып отыр. Ақпарат ағыны күшейген сайын ұлттық мәдениеттің терең қабаттарын таныту қиындай түседі. Осындай кезде киіз үй сияқты айқын әрі мазмұнды символдар ұлттың өзіндік келбетін сақтауға көмектеседі.

Бірақ символды жәй көрсету жеткіліксіз, оның мәнін түсіндіру қажет. Қазақтың киіз үйі туралы ағылшын тілінде кітап шығуы Қазақстанның мәдени имиджі үшін де маңызды. Шетелдік оқырман мұндай басылым арқылы қазақ халқының ежелгі мәдениеті, қолөнері, табиғатпен байланысы, тұрмыстық даналығы туралы кеңірек біледі.

Бұлбұл Кәпқызының «Киіз үй» атты еңбегінің ағылшын тілінде «The Kazakh Yurt» атауымен жарық көруі ұлттық мұраны әлемге танытудың жарқын үлгісі. Бұл кітап арқылы қазақтың қарапайым көрінетін, бірақ терең мағынаға толы баспанасы халықаралық оқырманға жол тартты. Ал киіз үймен бірге әлем қазақтың кең даласын, шебер қолын, қонақжай көңілін, шаңыраққа деген құрметін, табиғатпен жарасқан өмір салтын тани түседі.

Ұлттық мұраны сақтау — оны ұрпаққа жеткізу ғана емес, әлемге таныту. Осы тұрғыдан алғанда, «The Kazakh Yurt» кітабы — қазақ мәдениетінің шекарадан асып, өзге тілде сөйлей бастаған сәтті қадамы.

ТІЛШІ ПАЙЫМЫ

Қазақстан жерінде өсетін алма ағашы мен алма жемісінің кереметін қоңсылас отырған Қытай елінде 1240 жылы тарихи деректерге түсірген екен. Онда тұтас алма тұқымының қазақ топырағынан тамыр тартатынын ашық жазған. Нақтысын айтқанда, алма атаулының эволюциясы мен популяциясында Алматының айтарлықтай үлесі бар.

АЛМА және АЛМАТЫ

Алматыны «алмалы, алмаға бай мекен» деп әспеттейтініміз бекер емес. Барлық мәдени, мәуелі алманың атасы саналған Сиверс алмасы (*Malus sieversii*) ең алғаш Алатау баурайында шешек атқан, Ұлы Жібек жолын жағалай танылып, керуенге артылып, жүк тұрыпты тиеліп, сонау Еуропаға жеткен, Мысырға мәлім болған. Қазір де Алатау баурайына бара қалсаңыз, 3–13 метрлік биіктікке дейін өскен, күн нұрына шомылып, қызара күлімдеген алма жемісін түзген жабайы алма ағашына кез боласыз. Өзі өсімтал. Орташа өмір сүру ұзақтығы – 50–100 жыл. Жемісі шілде мен қыркүйек аралығында піседі. Көлемі, түсі, пішіні және дәмі әртүрлі. Жапырағы ірі, жалпақ, ал сабағы түкті. Гүлі үлкен, диаметрі – 0,8-1 см, ақ түсті және шатыр тәрізді шашақтарға жиналған. Ашық, күн көзі түсетін жерде жақсы өсіп, мол өнім береді, жан-жануарларға азық болады, топырақты эрозиядан қорғайды, ауаға қанық оттегі бөліп шығарады.

Бүгінгі ботаниктер жабайы алма ағаштарының тек 27 түрін таптық деп мәлімдеп жүр. Ал әйдік академик, алматанудың атасы атанған белгілі ғалым Аймақ Жанғалиевтің зерттеуі бойынша, жабайы алманың 40 түрі бар. Сондағы біз сөз етіп отырған Сиверс алмасы алуан түрлі сипатқа ие. Ең басты ерекшелігі – табиғат талабына мейлінше төселген, айрықша күтім мен мәпелеуді қажет етпейді. Ғалымдар Сиверстің даму ерекшеліктерін көп жағдайда дарвинизмнің эволюциялық даму заңдығына ұқсатып жатады. Яғни өзін-өзі сақтап, табиғи сұрыпталып, жетіліп, дамып, тарала отырып бүгінге жетті деп байыптайды. Сондықтан да болар, бүгінгі Сиверс – халықаралық деңгейге назарға іліккен сұрып. Ыстыққа шыдамды, суыққа төзімді әрі алманың жаңа сорттарын алуға өте қолайлы.

Иә, аса бағалы алмамыздың табиғи популяцияларды сақтау, зерттеу және көбейту аса маңызды міндет. Біздіңше, ататекті алма селекциясын сақтап қалуды табиғи қорық аумағында жүргізу керек. Нақты айтқанда, игілікті іс алманың қазіргі ареалдарын, биік таудағы таралу, тозаңдану аумағын анықтау, ағаш саны мен алма көлемін есептеу, өзгерістерін айқындау, популяциялық ерекшеліктері мен құрамын зерттеу бағытында өріс алуға тиіс.

Сонымен қатар, алма ормандарының сақталуы мен жаңаруына әсер ететін экологиялық жағдайларды, климат өзгерістері мен ерекшеліктерін, топырақ факторларын, түр аралық өзара қатынастар және антропогендік ықпалын қоса қарастырған жөн.

«Алматы мемлекеттік табиғи қорығы» мамандарының жазуынша, «Сиверс алмасы 1200–1934 м биіктік диапазонында, негізінен аралас жапырақты ормандар құрамында өседі және жекелеген жағдайда қылқан жапырақты шыршалы орман белдеулерінде кездеседі. Табиғи қорық – Сиверс алмасының табиғи ортасын сақтау мен қорғау, әрі зерттеу бойынша маңызды аймақ».

Аталмыш қорықты бекер нысана етіп отырғанымыз жоқ. Өйткені, сан жылдар бойы қорықтағы өсімдіктер мен ағаштар айтарлықтай өзгеріске ұшырамаған, табиғи қалпы бұзылмаған, генетикалық тұрғыдан таза популяциялары сақталған. Әсіресе, Сиверс алмасының осы жердегі генетикалық қоры әлемдік деңгейде маңызды.

Зерттеушілер Сиверс алмасының тозаңдану ерекшеліктеріне де назар аударды. Ол энтомофилиялық түрде, яғни жәндіктердің көмегіне «жүгіне отырып» тозаңданады. Сонымен қатар, тұқымдардың таралуында жануарлардың рөлі де айрықша. АҚШ-тың Корнелл университетінің профессоры Herb Aldwinckle жүргізген зерттеулеріне назар салсақ, қоңыр аюлардың (*Ursus arctos*) жеген жемістер тұқымы ас қорыту жүйесінен зақымданбай өтеді, өнгіштік қасиетін ұзақ уақыт бойы сақтайды. Мұның өзі жануарлар мен өсімдіктер арасындағы тығыз байланысты, селбесе отырып таралу сипатының маңызын дәлелдейді.

Алматы мемлекеттік табиғи қорығы аумағында жүргізілген бақылаулар да осы деректерді қуаттап отыр: «*Malus sieversii* тұқымдары қоңыр аюлардың ас қорыту жүйесінен өткеннен кейін де тіршілік қабілетін жоғалтпай, табиғи ортада сәтті өнеді. Қорық аумағында қазіргі таңда



шамамен, 40-қа жуық Тянь-Шань қоңыр аюы мекендейді. Олар жеміс жинау барысында ағаштың бұтақтарын сындырып, ірі әрі тәтті жемістерді таңдап жейді. Мұндай селективті қоректену тәсілі тұқымдардың алыс қашықтықтарға таралуына ықпал етеді».

Алманың ататегі хақында зерттеулерді саралап отырып, мынандай бір қызық дерекке ұшырастық. Алмамыздың көбеюіне көңқоңыздардың (*Scarabaeidae*) да ерекше пайдасы бар. Олар алма тұқымын топыраққа көміп, органикалық заттарға бай ортаға тастап, өскін-өніктердің пайда болуына жағдай жасайды. Нәтижесінде тұқымдар табиғи түрде жаңарып, популяция үдерісі тұрақталады.

Сиверс алмасы 2014 жылы Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілді. Халықаралық табиғат қорғау одағы тарапынан да қорғалатын түр ретінде танылды. 2022 жылы Алматы мемлекеттік табиғи қорығы аумағында Сиверс алмасының жемістерін жинау бойынша арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеуге А.Д.Жанғалиев атындағы жеміс өсімдіктерінің гендік қорын және интродукциясын қорғау зертханасының мамандары қатысып бірқатар жетістікке жетті.

Таяу кезеңде де ғалымдар тобы мен табиғатсүйерлер бірлесіп, осындай игі істің басы-қасында жүрсе екен деп тілек айтамыз. Стратегиялық маңызы бар Сиверс алмасын арнаулы технологиялар негізінде қайта өсіру, көшетін молайту, алқабын кеңейту уақыт қалыбынан тыс талап, күн тәртібіндегі аса маңызды міндет.

Дастан ҚАСТАЙ.

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ



шетелден бас жүлде алды

Алматы қуыршақ театры Татарстан Республикасының астанасы Қазан қаласында өткен VI «Шомбай-fest – 2026» халықаралық қуыршақ театрлары фестивалінде бас жүлдені жеңіп алды.

Иә, 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры халықаралық театр фестивалдерінде Қазақстанның атынан сәтті өнер көрсетті. «Шомбай-fest – 2026» фестиваліне Қазақстан, Сербия, Африка елдері және Ресейдің түрлі өңірлерінен келген театр ұжымдары қатысқан болатын. Байқауда 14 театр бой көрсетіп, 150-ден астам қуыршақ театрының актерлері мен мамандары өнер көрсетті.

Алматы мемлекеттік ака-

демиялық қуыршақ театры фестивалінде қазақтың ұлттық өнерін дәріптейтін «Ортеке» спектаклін ұсынды. Қазылар алқасы қойылымның ұлттық рухты терең жеткізуін, режиссерлік шешімін, актерлік шеберлігін, сахналық көркемдік деңгейін жоғары бағалап, «Үздік спектакль» номинациясы бойынша бас жүлдені театр ұжымына табыстады.

«Ортеке» қазақтың көне музыкалық-театрлық дәстүріне негізделген. Онда ұлттық құндылықтар, халықтың руха-

ни мұрасы мен өнері көрерменге заманауи сахналық тәсілдер арқылы ұсынылады. Спектакль балаларға ғана емес, ересек көрерменге де ұлттық мәдениеттің тереңдігін танытатын көркем туынды ретінде бағаланды.

Бұл жеңіс Қазақстанның қуыршақ театр өнерінің халықаралық беделін арттырды. Қазақ ұлттық мәдениетінің шетелдік көрермендерге кеңінен насихатталуына ықпал етті. Сондай-ақ, Алматы мемлекеттік академиялық қуыршақ театрының әлемдік деңгейдегі шығармашылық әлеуетін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Айта кету керек, Алматы мемлекеттік академиялық қуыршақ театры кейінгі жылдары халықаралық аренада тұрақты табысқа жетіп келеді. Бұған дейін театр Канададағы халықаралық фестивальде гран-при иеленіп, Грузиядағы фестивалде «Үздік режиссер» аталымын жеңіп алған болатын.

Сонымен қатар, біздің театр Румыниядағы Халықаралық Шекспир фестиваліне қатысып, 2027 жылы өтетін тағы бір беделді халықаралық театр форумына шақырту алды. Сондай-ақ, театр «BIKEN FEST» фестивалінің қатысушысы атанып, 2027 жылы ТҮРКСОЙ ұйымы ұйымдастыратын халықаралық фестивалге қатысуға шақыртуға ие болды.

Нұржамал ӘЛІШ.

МУЗЕЙ САБАҒЫ

Шәһар төрінде орналасқан Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейі жазғы демалыс кезеңінде де танымдық және шығармашылық музейлік сабақтарын жалғастыруда.

Өрендер өнерге өң берді

Бұл дәрістерге музейдің кішкентай қонақтары қуана-қуана келіп жүр дейді мамандар. Бұл жолғы ең әсерлі сабақтардың бірі киіз басу өнеріне арналған шығармашылық шеберлік сағаты болды. Сабақ барысында өрендер қазақ халқының ежелгі қол-өнер түрлерінің бірі – киіз басу өнерімен танысты. Кішкентай достарымыз киіздің көшпелі өмір салтындағы орны, тұрмыстағы қолданысы мен дәстүрлі мәдениеттегі маңызы туралы мәлімет алып, қазақтың ұлттық ою-өрнегінен шабыттанып, өз қолдарымен сәндік бұйымдар жасады.

Сондай-ақ, «Дәуірлер үні: қазақтың бас киімдері» этнографиялық көрмесі аясында өткен «Дәстүрден заманауиға дейін: қазақ бас киімдерінің тарихы» атты музейлік сабақ та балалардың ерекше қызығушылығын тудырды. Онда жеткіншектер қазақтың дәстүрлі бас киімдерінің бірегей топтамасымен танысып, сәукеле, кимешек, тақия, бөрік және басқа да бас киім түрлерінің ерекшеліктері, олардың адамның өміріндегі мәні, сондай-ақ оларды жасауда қолданылған материалдар мен ұлттық ою-өрнектер туралы мағлұмат алды.

Балаларды дәстүрлі мәдениетпен таныстыру «Тұмар – дәстүрді сақтаған код» атты шығармашылық шеберлік сабағында жалғасын тапты. Қатысушылар қазақ тұмарының шығу тарихы, оның символдық мәні мен түрлері туралы білді. Сабақтың шығармашылық бөлімінде балалар киізден және сәндік металл фурнитураларынан өздеріне бойтұмар жасап, оларды қазақы ою-өрнектермен безендірді.

Міне, осылайша алматылық мектеп оқушыларының жазғы демалысы мағыналы өтуде.

Нұр ЖАМАЛ.



ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

Ыстық күшейді, шақырту көбейді

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, аптап ыстық кезеңінде қалада шұғыл медициналық көмекке жүгінушілер саны көбейген. Дәрігерлердің айтуынша, жоғары температура, әсіресе, қарттар, балалар, жүкті әйелдер және созылмалы ауруы бар науқастар үшін аса қауіпті.

Алматы қалалық Жедел медициналық жәрдем қызметінің өкілі Азамат Құрманбековтің айтуынша, ыстық күндері жүрек-қан тамырлары жүйесіне түсетін жүктеме айтарлықтай артады. Ауа температурасының жоғары болуы қан қысымының күрт көтерілуіне, жүрек ырғағының бұзылуына, енгіуге, сондай-ақ миокард инфаркті мен инсульт қаупінің артуына себеп болуы мүмкін.

Тек шілде айының алғашқы екі аптасында жедел жәрдем қызметіне 33,6 мыңнан астам шақырту түскен. Оның ішінде шамамен, 1,5 мыңы артериялық қысымның жоғарылауына байланысты болса, тағы 300-ден астамы жүрек-қан

тамырлары ауруларына, соның ішінде жүректің ишемиялық ауруы мен жедел миокард инфарктіне қатысты болған. Бұдан бөлек, ми қан айналымының жедел бұзылысына ұшыраған 50-ге жуық науқас шұғыл түрде қалалық ауруханаларға жеткізілген.

Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда, күн өту салдарынан жедел жәрдем шақыруды қажет еткен жағдайлар екі есе көбейген.

Басқарма мамандарының айтуынша, аптап ыстық ағзаның сусыздану қаупін, тағамнан улану, ішек инфекцияларының таралу ықтималдығын арттырып, маусымдық аллергия белгілерін күшейтеді. Сондықтан созылмалы ауруы бар азаматтарға денсаулығына ерекше көңіл бөлу керек. Олар дәрігердің нұсқауларын қатаң сақтап, дәрі-дәрмектерін уақытылы қабылдап, қан қысымы мен қандағы қант деңгейін тұрақты бақылап, қызып кетуден сақтанып, жоспарлы медициналық тексеруді өткізіп алмауы қажет.

Алматы қаласының емханалары созылмалы ауруы бар науқастарды диспансерлік бақылауды жалғастырып, оларды қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп,



денсаулық жағдайына тұрақты мониторинг жүргізуде. Егер адамның жағдайы нашарласа, асқынуды күтпей, уақытылы учаскелік дәрігерге қаралған жөн.

Дәрігерлер мүмкіндігінше сағат 11.00-ден 17.00-ге дейін күннің астында, яғни сыртта мейлінше жүрмеуге, табиғи матадан тігілген жеңіл киім, бас киім және күннен қорғайтын көзілдірік киюге кеңес береді.

Сондай-ақ, сұйықтықты жеткілікті мөлшерде ішу өте маңызды. Медициналық қарсы көрсетілім болмаса, ересектерге тәулігіне кемінде 2 литр су ішу ұсынылады. Сонымен қатар, алкогольді ішімдіктерді, тәтті газдалған сусындарды

және кофені шамадан тыс тұтынуды шектеу қажет.

Егер адамның басы қатты ауырып, басы айналса, әлсіздік, жүрек айну, санының шатасуы, дене қызуының көтерілуі немесе есінен тану белгілері байқалса, оны дереу салқын жерге апарып, денесін салқындатып, аз-аздан су беріп, жедел медициналық жәрдем шақыру қажет.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы осындай қарапайым сақтық іс-шараларын сақтау және уақытылы медициналық көмекке жүгіну аптап ыстық кезінде денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді азайтуға көмектесетінін еске салады.

МАМАН МІНБЕРІ

Аптапта жүрекке абай болыңыз

Бүгінгідей аптап ыстық жүрегі әлсіз адамдарға оңай тимесі анық. Сондықтан бір сәт кардиолог-маманың кеңесіне құлақ ассақ, артық болмас. Дәрігер бүгін жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) туралы айтады.

ЖИА бүкіл әлем бойынша өлім-жітім себептері арасында жетекші орын алады. Бұл ауру жүрек бұлшықетінің (миокардтың) қанмен қамтамасыз етілуінің бұзылуына байланысты оттегі мен қоректік заттардың жеткіліксіз түсуінен дамиды. Оның негізгі себебі – коронарлық тамырлардың тарылуы.

Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының Консультациялық-диагностикалық орталығының кардиолог дәрігері, медицина ғылымдарының кандидаты Гүлнар Үдербаеваның айтуынша, негізгі себептердің бірі – коронарлық артериялардың әртүрлі дәрежедегі атеросклерозы. Сондай-ақ, коронарлық артериялардың түйілуі және миокардтағы микроциркуляцияның бұзылуы да әсер етеді. ЖИА дамуына жоғары қан қысымы, холестерин деңгейінің жоғары болуы, қант диабеті, созылмалы бүйрек аурулары, сондай-ақ темекі шегу сияқты факторлар ықпал етеді.

«ЖИА негізгі белгісі – төс артындағы немесе жүрек тұсындағы қысып, жаншып ауырсыну. Аурудың созылмалы түрінде ауырсыну алдымен физикалық жүктеме кезінде пайда болып, уақыт өте келе оған төзімділік төмендейді. Ал жедел түрінде миокард

инфаркті немесе инфаркт алдындағы жағдай дамуы мүмкін», – дейді дәрігер.

Ұстама кезінде науқаста келесі белгілер болуы мүмкін: кеуде тұсындағы ауырсыну немесе күйдіру сезімі, жауырын астында, арқада ауырсыну, кеудедегі ауырлық сезімі, жүректің «тоқтап қалғандай» сезімі, жүрек қағуы, енгіу, әлсіздік, жүрек айну, бас айналу, естен тану және тершендік.

Жүрек тұсындағы ауырсыну кейде физикалық жүктемеден кейін толық басылуы мүмкін. Ал миокард инфаркті немесе тұрақсыз стенокардия кезінде шағымдар тыныштықта пайда болып, ұзақ уақытқа (ондаған минуттардан бірнеше сағатқа дейін) созылады. ЖИА баяу, жылдар бойы дамуы мүмкін. Кейбір науқастарда бұл ауру ешқандай белгісіз өтеді. Жүрек қызметіндегі бұзылыстардың немесе ЖИА ауыр түрлерінің алдын алу үшін дәрігерге уақытында қаралып, тексеруден өту қажет.

«Қан тамырларының саулығын сақтау үшін қауіп факторларын жою маңызды: темекіден және алкогольден бастарту, қан қысымын бақылау, «зиянды» холестерин деңгейін қалыпқа келтіру, ысталған, майлы, қуырылған және тұзды тағамдарды шектеу», – деді Гүлнар Үдербаева.

ТЫҢ ЖОБА

Тұрып қалған дәріні тастамаңыз, өткізіңіз

Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы тұрғындарға мерзімі өткен немесе қолдануға жарамсыз дәрі-дәрмектерді дұрыс кәдеге жарату қажеттігін еске салады.

Алматылықтар «Дәрілік заттарды қауіпсіз кәдеге жарату» жобасы аясында бір жылдың ішінде мерзімі өткен 1 тоннадан астам дәрілік заттарды арнайы қабылдау орындарына тапсырды. Олардың бәрі де қауіпсіз түрде жойылды. Бұл қадам неліктен маңызды?

ДӘРІС

Қаладағы №4 перзентхананың неонатолог-дәрігерлері нәрестеге омырау сүтінен артығы жоқ екенін айтудан жалықпайды. Аталған медициналық мекемеде болашақ аналарға және жас босанған әйелдерге кезекті дәріс өтті. Онда сәбиді дұрыс емізу қағидалары түсіндірілді.

Ана сүтінің қасиеті

Мамандардың айтуынша, ана сүті – жаңа туған бөбек үшін ең жақсы әрі құнарлы қорек. Оның құрамында нәрестенің өсуі мен дамуына қажетті барлық қоректік зат бар. Ана сүті баланың имунитетін нығайтып, дұрыс дамуына ықпал етеді. Нәрестені кеудеге дұрыс салу – сәтті емізудің кепілі. Бала кеудені дұрыс емсе, емізу анаға да, балаға да тиімді әрі жайлы болады. Емшекпен қоректендіруді сақтау басты басымдық болуы тиіс. Ал анаға қосымша тамақ беруді өз бетінше бастауға болмайды. Қосымша қорек тек медициналық көрсеткіштер бойынша және дәрігердің ұсынысымен ғана тағайындалады.

Босанған ананың шаршауы, баланың мазасыздануы немесе босанғаннан кейінгі алғашқы күндердегі сүттің аз сияқты көрінуі қосымша тамақ тағайындауға себеп болмайды. Көп жағдайда емізуді дұрыс ұйымдастырған кезде лактация біртіндеп қалыпқа келеді. Лактацияны сақтау үшін баланы сұранысы бойынша жиі емізіп, сабырлы эмоционалдық көңіл күйді сақтау маңызды.

Кейбір әйелдерге сүт сауу қажет болған жағдайда гигиена ережелерін сақтап, процедура алдында қолды мұқият жуу және сүтті жинау мен сақтауға арналған таза ыдысты пайдалану қажет. Сүт сауар алдында кеудеге жеңіл мас-



саж жасау пайдалы. Бұл сүттің жақсы бөлінуіне көмектесіп, процедураны жайлы етеді. Қолмен сауған кезде қозғалыстар жұмсақ әрі ырғақты болуы тиіс. Ауырсыну мен жарақаттың алдын алу үшін кеуде тіндерін қатты қыспау керек.

Сүтсорғышты қолданғанда воронканың өлшемін дұрыс таңдап, сауу процесін ең төменгі қарқыннан бастап, біртіндеп өзіңізге жайлы деңгейге дейін арттыру қажет. Ана сүтінің пайдалы қасиеттері мен қауіпсіздігін сақтау үшін оны сақтау ережелерін міндетті түрде сақтау керек. Міне, дәріс кезінде осы тақырыптар қозғалды.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ**

Әлем чемпионатында алғаш рет қола жүлде иеленген Қазақстанның паравoleyболдан ұлттық құрамасы елге оралды. Спортшыларды Алматы әуежайында туған-туыстары, достары және Қазақстан волейбол федерациясының өкілдері салтанатты түрде қарсы алды.



Отырып ойнау волейболынан сынға түскен ұлттық құрама әлемнің үздік командаларымен тең дәрежеде сайысып, Қазақстан спортының тарихындағы ерекше жетістікке қол жеткізді.

– Құрметті спортшылар мен жаттықтырушылар. Сіздерді жарқын жеңістеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Бұл жетістік – табанды еңбектің, темірдей тәртіптің, ауызбіршілік пен елге деген адалдықтың жемісі. Қазақстанның намысын абыроймен қорғап, Көк Байрағымызды әлемнің үздік құрамаларының қатарында желбіреткендеріңіз үшін алғыс айтамын. Спортта да, өмірде де алға қойған мақсаттарыңызға жете беріңіздер. Сіздерге мықты денсаулық, қайсар рух және жаңа жеңістер тілеймін, – деді Қазақстан волейбол федерациясының бірінші вице-президенті Арман Қабесов.

Ұлттық құраманың бас бапкері Бауыржан Тахауов көрсетілген құрмет пен ыстық ықылас үшін алғыс айтып, команда алдағы уақытта да биік нәтижелерге ұмтылатынын жеткізді.

– Жігіттерге жеңіске деген жігері мен жоғары спорттық шеберлігі үшін ризамын. Бұл нәтиже бірнеше айға созылған тынымсыз дайындық пен қажырлы еңбектің арқасында келді. Бізге барлық қажетті жағдай жасалды. Мемлекет пен федерацияның сенімін ақтай алғанымызға қуаныштымыз. Әлемнің үздік құрамаларымен бір қатарда тұруға лайық екенімізді дәлелдедік. Шетелдік мамандар да командалымыздың ілгерілеуін, ойыншылардың шеберлігі мен алаңдағы үйлесімді әрекетін жоғары бағалады. Енді мықтылардың қатарындағы орнымызды сақтап, Қазақстан спортының беделін арттыру үшін бар күшімізді саламыз, – деді бас бапкер.

Әлем чемпионаты 10–17 шілде аралығында Қытайдың Ханчжоу қаласында өтті. Додаға әлемнің 16 үздік құрамасы қатысты. Жарыс 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Паралимпиада ойындарына іріктеу кезеңдерінің бірі саналады. Қазақстан құрамасы С тобында Бразилия, Хорватия және Ирак командаларымен сынға түсіп плей-офф кезеңіне жолдама алды.

Жерлестеріміз 1/8 финалда Польша құрамасын жеңсе, ширек финалда Руанда спортшыларынан басым түсті. Жартылай финалда осы спорт түріндегі көшбасшы командалардың бірі – Иран құрамасына жол берді. Кейін Иран құрамасы сегізінші рет әлем чемпионы атанды.

Үшінші орын үшін өткен тартысты кездесуде қазақтандық паравoleyболшылар Бразилия құрамасын 3:2 есебімен жеңді. Алғашқы сетте есе жібергеніне қарамастан, ұлттық құрама ойын барысын өзгертіп, топтық кезеңде жеңілген қарсыласынан қарымта қайтарды.

Осылайша Қазақстан құрамасы әлем чемпионатының қола жүлдесін иеленіп, отандық спорт тарихындағы айтулы жетістікке қол жеткізді.

Қазақстандық спортшылардың шеберлігін әлем чемпионатының ұйымдастырушылары да жоғары бағалады. Турнир қорытындысы бойынша ұлттық құраманың екі ойыншысы символикалық құрамаға – Dream Team тізіміне енді. Орайы келгенде кетейік, Шыңғыс Медеуов әлем чемпионатының үздік либеросы атанса, Пердебай Намуратов турнирдің үздік шабуылшысы деп танылды.

Дастан ҚАСТАЙ.

Қарттар да қатардан қалмайды

Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы мен оның аудандық филиалдарында жыл басынан бері шамамен, 333 мың қызмет көрсетілді. Бұл туралы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өкілдері айтты.

Қалалық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы 2022 жылы құрылды. Зейнет жасындағы азаматтарға көрсетілетін әлеуметтік қызметтерге сұраныстың артуына байланысты 2024 жылдың ақпан айынан бастап қалалық орталықтың үш бөлімшесі ашылды. Оның екеуі Бостандық ауданында, біреуі Медеу ауданында орналасқан. Бұл бөлімшелерге күн сайын шамамен, 500 адам келеді.

Жыл басынан бері орталыққа 13 302 зейнеткер жүгініп, оларға 48,4 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

Сонымен қатар, қала әкімдігінің жанынан мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында үкіметтік емес ұйымдар базасында жұмыс істейтін 18 аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы қызмет көрсетеді. Жыл басынан бері бұл орталықтарға 8834 адам жүгініп, оларға 284,7 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

Орталықтардың негізгі мақсаты – зейнет жасындағы азаматтарды белсенді қоғамдық, мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге тарту арқылы олардың физикалық және психикалық саулығын нығайтып, белсенді өмір сүру ұзақтығын арттыру.

Нұржамал ӘЛІШ.



Қаламызда кәсіби және бұқаралық спортты дамытуға жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді. Әсіресе, Алматыдағы спорттық инфрақұрылымның қарқынды дамуынан да осыны анық байқауға болады. Ашылған жаңа спорт нысандары жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, жас спортшыларға барлық мүмкіндік жаратууда.



Жеңіске жетелейтін қолдау

Әлбетте, спорттағы жеңіс тек табиғи талантпен ғана келмейді. Оған күн-түн демей табанды еңбек пен қажырлы дайындық керек. Әрі сол талантты қолдайтын орта мен жүйелі мемлекеттік қамқорлықтың да нәтижесі. Соңғы жылдары Алматыда бұқаралық спортты дамытумен қатар, жоғары жетістіктер спортын нығайтуға да ерекше көңіл бөлініп келеді. Әсіресе, спортшылар мен жаттықтырушыларды әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз ету тетіктерінің біртіндеп жетілдірілуі олардың күнделікті мәселелерге алаңдамай, тек жаттығуға, шеберлігін шыңдауға және жаңа белестерді бағындыруға толық көңіл бөлуіне жол ашуда.

Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында Алматыда спортшылар мен жаттықтырушыларға берілетін ай сайынғы ақшалай қамсыздандыру жүйесі айтарлықтай кеңейтілді. Қалалық Спорт басқармасының ресми мәліметінше, мемлекеттік қолдау ауқымы ұлғайып, төлем алушылардың саны бірнеше есеге артқан. Бұрын бұл ай сайынғы төлем негізінен ересектер санатындағы әлемдік, республикалық жарыстарда жоғары жетістікке жеткен спортшылар мен олардың бас жаттықтырушыларына ғана берілетін. Енді бұл жүйе жасөспірімдер мен жастар құрамаларының мүшелерін, паралимпиадалық және сурдлимпиадалық спортшыларды, сондай-ақ командалық спорт түрлерінің өкілдерін де қамтиды.

Қабылданған маңызды шешімдердің нақты нәтижесінде ай сайынғы ақшалай қамсыздандыру алатын спортшылар саны 244 адамнан 925 адамға дейін өсті. Ал спорттың негізгі қозғаушы күші – жаттықтырушылар үшін бұл көрсеткіш 28-ден 341 маманға дейін көбейді. Бұл демек, әрбір төртінші спортшы және әрбір



жаттықтырушы енді тұрақты мемлекеттік қолдауға ие болды деген сөз.

Сарапшылар мен спорт мамандарының айтуынша, қолдау жүйесінің мұншалықты кеңеюі дарынды жастардың спортты тастап кетпеуіне, жаттықтырушылардың кәсіби еңбегінің лайықты бағалануына, сондай-ақ қаламыздың спорт резервін болашаққа сенімді сапалы даярлауға мол мүмкіндік береді.

Бұл өз кезегінде алматылық спортшылардың келесі Әлем чемпионаттарында, Олимпиада ойындарында және басқа да халықаралық жарыстарда ел намысын лайықты қорғап, жоғары нәтижелер көрсетуіне және жалпы Алматының, еліміздің спорттық әлеуетін әлемдік деңгейде арттыруға берік негіз қалайды.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



Әуе хабы кеңейеді

Алматы халықаралық әуежайын жаңғырту ақаланың көлік инфрақұрылымын жетілдіріп қана қоймай, экономикалық өсімге де тың серпін бермек. Жолаушылар ағынының артуы туризм, сауда, қонақүй бизнесі, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету салаларының дамуына ықпал етіп, қаламыздың Орталық Азиядағы ірі авиациялық және іскерлік хаб ретіндегі мәртебесін нығайтады.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Тоқсейітова мәлімдеді. Спикердің айтуынша, биылғы қаңтар–мамыр айларында халықаралық терминал 2,215 млн. шетелдік жолаушыға қызмет көрсеткен. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 10 пайызға көп. Осы уақыт аралығында 20,6 мың халықаралық рейс орындалып, өсім 8,6 пайыз болды. Ал 7 маусымдағы жағдай бойынша халықаралық жолаушылар саны 2,339 млн. адамға жеткен.

Спикердің сөзінше, жолаушылар ағынының тұрақты өсуі Алматының халықаралық бағыттардағы тартымдылығы артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл өз кезегінде туристік нарықтың кеңеюіне, инвестициялық ахуалдың жақсаруына және қызмет көрсету экономикасының дамуына оң әсер етеді.

Осы мақсатта 2029 жылға дейін Алматы халықаралық әуежайын кешенді жаңғырту жоспары бекітілген. Жобаның жалпы инвестиция көлемі – 362 млн. АҚШ доллары. Оның ішінде 2025-2026 жылдары – 90 млн. доллар, 2026-2027 жылдары – 170 млн. доллар, ал 2027-2028 жылдары 102 млн. доллар инвестиция салу жоспарланған.

Жаңғырту нәтижесінде әуежайдың өткізу қабілеті қазіргі 14 млн. жолаушыдан 2030 жылға қарай 19 млн., 2040 жылы 26 млн., ал 2050 жылы 40 млн. жолаушыға дейін ұлғаяды. Жоба аясында халықаралық T2 терминалы жаңартылып, T1 терминалы мен жабық автотұрақты жалғайтын жаяу жүргіншілер көпірі салынды. Сонымен қатар, қозғалысы шектеулі жолаушыларға арналған арнайы қызмет көрсету аймағы құрылып, ішкі СІР-терминал пайдалануға берілді. Сондай-ақ, 340 көлікке арналған автотұрақ қайта жаңартылып, әуежай аумағы абаттандырылды.

Ғалия Тоқсейітованың айтуынша, жаңғырту жұмыстары жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартып қана қоймай, халықаралық туристік ағынның өсуіне қажетті инфрақұрылымдық негіз қалыптастырады.

Маңызды бағыттардың бірі – халықаралық әуе бағыттарын кеңейту. Қаңтар–мамыр қорытындысы бойынша Алматы әлемнің 53 қаласымен тікелей әуе қатынасын орнатып, өңірдегі ең ірі авиациялық хабтардың біріне айналып отыр. Әсіресе, көлік инфрақұрылымына бағытталған мұндай инвестициялар мультипликативтік экономикалық әсер береді. Әуежайдың өткізу қабілетінің артуы туристер санының көбеюіне, қонақүй және мейрамхана бизнесінің дамуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және шағын және орта бизнестің кірісінің өсуіне ықпал етеді. Бұл Алматының инвестициялық тартымдылығын күшейтіп, қаланың ұзақ мерзімді экономикалық өсіміне негіз қалайды.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.
Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»

САҚТАНҒАНДЫ САҚТАЙДЫ

Тілсіз жаудың алдын алу іс-шаралары қандай?



Қалада аптап ыстық. Сондықтан өрттің кез келген уақытта тұтанып кету қаупі де жоғары. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте биылғы көктемнен-ақ Алматы қаласы мен Алматы облысының мемлекеттік орман қоры аумақтарында өртке қарсы режим ресми түрде енгізілгені айтылды.

Шыны бөтелке мен сынығы да қауіпті

«Қазгидромет» мәліметінше, алдағы уақытта өңірде аптап ыстық әрі құрғақ ауа райы әлі де сақталмақ. Ауаның орташа тәуліктік температурасы шамамен, +35 градус болса, кей жерлерде +40 градусқа дейін және одан да жоғары көтерілуі мүмкін.

Алматы аумағында ірі орман алқаптары орналасқан. Олардың қатарында ауданы 20,8 мың гектардан асатын Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ормандары, сондай-ақ аумағы 708,2 гектар болатын «Медеу» табиғи паркі мен 137,7 гектарды алып жатқан Баум тоғайы бар.

Жыл басынан бері қалада құрғақ шөптің жануының 103 оқиғасы тіркелді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 59,2 пайызға аз (өткен жылы 253 жағдай тіркелген). Өрт шалған жалпы аумақ 4 га. Қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Константин Каниннің айтуынша, өрттердің негізгі себебі – адамдардың отты дұрыс пайдаланбауы және табиғат аясында қоқысты тастап жүре беруі. Әсіресе, шыны бөтелкелер мен олардың сынықтары аса қауіпті. Өйткені, күн сәулесі шыныға түсіп, құрғақ шөп пен өсімдіктің тұтануына себеп болуы мүмкін.

Құрғақ шөп тұтанбасын деңіз...

Табиғи өрттердің алдын алу мақсатында Төтенше жағдайлар департаменті арнайы профилактикалық іс-шаралар жоспарын әзірледі. Өрттің алдын алудың ең тиімді тәсілдерінің бірі – құрғақ шөпті уақытылы шабу және минералдандырылған қорғаныс жолақтарын жасау. Биыл аудан әкімдіктері 214,5 гектар аумақта құрғақ шөпті шауып, жоспардың 94 пайызын орындады. Сонымен қатар, ұзындығы 118 шақырым минералдандырылған жолақтар жасалып, бұл жоспарлы көрсеткіштен 15,7 пайызға артық болды.

Алматыда өрт ошақтарын ерте анықтау үшін заманауи технологиялар белсенді енгізілуде. «Медеу» табиғи паркінде жылу бейнелеу камералары мен оптикалық-сенсорлық кешендерді қамтитын орталықтандырылған бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді. Осындай жүйе Алматы қаласының даму бағдарламалары аясында ТЖД тарапынан да енгізілген. Қазіргі таңда аумақ «Көктөбе» телерадио мұнарасында және Алатау ауданындағы Индустриялық аймақта орнатылған бейнекамералар арқылы бақыланады. Бұл жүйе өрт ошақтарын бастапқы кезеңде анықтап, дабыл белгісін жедел қызметтерге автоматты түрде жолдайды.

Таулы-орманды аймақтарды бақылау және туристерді ақпараттандыру үшін бес ұшқышсыз ұшу аппараты пайдаланылады. Сонымен қатар, Алма-

Арасан шатқалында, «Көктөбе» саябағында және «Шымбұлақ» тау шаңғысы курорты аумағында күн сайын механикаландырылған патрульдік бақылау жүргізіледі.

ТЖД мәліметінше, табиғи өрттерді сөндіру үшін арнайы жасақ құрылып, қажетті техникамен және құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген. Оның құрамында өрт сөндіру автокөліктері, мотопомпалар, арқамен алып жүретін өрт сөндіргіштер, орман өртінен сөндіру қондырғылары және басқа да қажетті жабдықтар бар. Жалпы, қала қауіпсіздігін 23 өрт сөндіру бөлімшесі қамтамасыз етеді.

Өрт сөндіру стансасы салынды

Биылғы өрт қаупі жоғары маусым қарсаңында Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі орманды қорғау жүйесін жаңартты. Мұнда жаңа орман өрт сөндіру стансасы салынды, өртті ерте анықтайтын бейнебақылау жүйесі іске қосылды, материалдық-техникалық база жаңартылып, ауқымды профилактикалық іс-шаралар жоспары әзірленді.

Бұл туралы Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің орман өрт сөндіру станциясының басшысы Дәулет Жетпісбаев мәлімдеді.

Оның айтуынша, басты мақсат – өрт шыққан жағдайда оны жедел сөндіру ғана емес, оның алдын алу. Бүгінде Алматы қаласы және Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаменттерімен өзара іс-қимыл тәртібі бекітіліп, жер пайдаланушылармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылған.

«Материалдық-техникалық базаны нығайтуға ерекше көңіл бөлдік. Екінші үлгідегі жаңа орман өрт сөндіру стансасы пайдалануға берілді. Құрамында 32 қызметкері бар өрт сөндіру жасағы құрылып, жанар-жағармай қоры жасақталды. Бұл өрт ошақтарына жедел әрекет етуге және ұлттық парк аумағын тиімді қорғауға мүмкіндік береді», – деді Дәулет Жетпісбаев.

Қазіргі таңда Іле Алатауы ұлттық табиғи паркінде 69 қызметтік кордон, 22 өрт бақылау мұнарасы, 22 тікұшақ алаңы және қол жетуі қиын аумақтарға жету-ге мүмкіндік беретін 123 қызметтік жылқы бар.

Қырағы бейнекамера

Дайындықтың маңызды бағыттарының бірі – орман өрттерін ерте анықтайтын заманауи жүйені енгізу. Ақсай, Медеу, Талғар және Түрген филиалдарында 15 антенна-діңгек құрылғысы орнатылды. Қазір тәулік бойы орман қорын бақылайтын 13 бейнекамера сынақ режимінде жұмыс істеп тұр.

«Заманауи технологиялардың көмегімен өрт ошақтарын әлдеқайда ерте анықтай аламыз. Қазірдің өзінде бейнекамералар тәулік бойы жұмыс істейді, ал Орталық жедел басқару орталығы орман қорын үздіксіз бақылауда ұстап отыр. Өрт неғұрлым ерте анықталса, оны бастапқы кезеңде ауыздықтап, ірі шығынның алдын алу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады», – деді Дәулет Жетпісбаев.

Өрт қаупі жоғары маусым басталғалы ұлттық парк аумағында өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзудың сегіз дерегі тіркелді. Әкімшілік материалдарды қарау нәтижесінде құқық бұзушыларға жалпы сомасы 1,5 миллион теңгеден асатын айыппұл салынды.

Мамандардың айтуынша, орман алқаптары күнітүні бақылауда.

Нұржамал ӘЛІШ

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 17 шілдедегі
№3/405-1075 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 6 тамыздағы №27.1-27.09/408-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Кәріздік сорғы станциясының құрылысы үшін, Алматы қаласы, Түркісіб ауданында орналасқан 3 (үш) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 17 шілдедегі
№3/405-1075 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Жубаназарова Гулшат Кунанбаевна	20-321-004-059	«Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 44	жалпы - 0,0746 үлесі - 0,0373
2	Нургазиев Болат Есетович	20-321-004-059	«Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 44	жалпы - 0,0746 үлесі - 0,0373
3	Нусупова Раушан Кажиахметовна, Нусупова Газиза Кожиахметовна	20-321-004-066	«Өжет» шағынауданы, Красноармейская көшесі, 24	жалпы - 0,1854 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,1195
4	Камаева Надирям Уйгуровна, Кулиева Наргиза Алимжановна, Асмиутллаева Мадина Алимжановна, Асмитуллаев Алмас Алимжанович	20-321-004-221	«Өжет» шағынауданы, Жанайдар Сәдуақасов көшесі, 111А	жалпы - 0,1326 үлесі - 0,0184 үлесі - 0,0191 үлесі - 0,0191 үлесі - 0,0191
5	Кулиев Изятулла Асмитуллаевич, Кулиева Шамшинур Асмитуллаевна, Кулиев Малик Асмитуллаевич, Сужикова Махинур Асматуллаевна, Абдреемова Сахинур Асмитуллаевна	20-321-004-221	«Өжет» шағынауданы, Жанайдар Сәдуақасов көшесі, 111А	жалпы - 0,1326 үлесі - 0,0114 үлесі - 0,0114 үлесі - 0,0114 үлесі - 0,0113
6	Талканбаев Канат Айшабекович	20-321-004-362	«Өжет» шағынауданы, Хасен Оралтай көшесі, 214	0,0748
7	Керсаева Тлеугайша Егеубаевна	20-321-020-1628	«Болашақ» шағынауданы, 114/2	жалпы - 0,1400 үлесі - 0,1000
8	Воропаева Татьяна Александровна	20-321-020-1628	«Болашақ» шағынауданы, 114/2	жалпы - 0,1400 үлесі - 0,0400
9	Камашев Нурболат Муханбетович	20-321-020-1660	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 25	0,0600
10	Касымбеков Орынша	20-321-020-1661	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 29	0,0600

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Кайшибаев Данияр Нурланович, Кайшибаева Мадина Базарбековна	20-317-105-269	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 16 көше, 51	0,0800 га
2	Амиржанов Ринат Рыскелдиевич, Данышпанова Айнур Бектурсиновна	20-317-105-393	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 53	0,1000 га
3	Ауганбаев Жасулан Конысбаевич	20-317-104-1039	Түркісіб ауданы, Д.А.Қонаев атындағы ТК, 26/1	0,1000 га

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 17 шілдедегі
№3/405-1077 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 12 шілдедегі № 34.1-34/1158-и хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Тілендиев көшесін ұзарту үшін, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Рысқұлов даңғылынан қала шекарасына дейін орналасқан 10 (он) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 17 шілдедегі
№3/405-1077 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 19 мамырдағы №56.3-56.04/912-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Автобус паркі құрылысы үшін, «BrightHorizon Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Спасск көшесі (105/6, 105/7 учаске) мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-317-005-249, алаңы 9 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

ALMATY AQSHAMY

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор – Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55.

E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі
E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес
Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ
Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY
Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.
Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұрлан СҮЙІН
Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ЖАРЫС

«SUMMER RELAY» эстафетасы сәтті өтті

Алматы әкімдігінің қолдауымен «Астана» алаңында «Summer Relay» эстафеталық жарысы өтті. Биылғы дода алғаш рет кешкі форматта, қаланың қақ ортасында ұйымдастырылды. Іс-шараға 1300 адам қатысты. Оның 300-і балалар мен жасөспірімдер.

Аптап ыстыққа қарамастан, жарысқа деген қызығушылық жоғары деңгейде болды. Қатысушылардың қауіпсіздігіне ерекше мән беріліп, бас дәрігердің ұсынысымен балалар үшін қашықтықтар қысқартылды. Нәтижесінде 4–8 жас аралығындағы қатысушылар – 200 метр, 9–11 жас аралығындағылар – 500 метр, ал 12–14 жастағылар 1000 метр қашықтықты еңсерді. Ересектер арасындағы эстафета қашықтығы өзгеріссіз қалды. Алматы марафонының PR-менеджері Бекзат Ахметқазының айтуынша, Summer Relay үшінші жыл қатарынан өткізіліп келеді.

– Бұл жарыстың мақсаты – балаларды спортқа баулу, ал ересектердің жартылай марафон мен марафонға

дайындалуына мүмкіндік жасау. Жарысты жаз мезгілінде өткізудің де өзіндік себебі бар. Қатысушылар әртүрлі ауа райына бейімделуі керек. Бүгін күн өте ыстық болғанымен, ешкім зардап шеккен жоқ. Алматы әкімдігі су шашатын арнайы көліктер ұсынып, олардың көмегімен жарыс бағыты салқындалды. Осылайша қатысушыларға қолайлы жағдай жасалып, мерекелік атмосфера сақталды, – деді ол.

Жарыс барысында маршрут бойында полиция қызметкерлері кезекшілік атқарып, медицина мамандары дайын тұрды. Іс-шара осылайша жоғары ұйымдастыру деңгейінде өтіп, алматылықтар мен қала қонақтарына спорттық мерекелік көңіл күй сыйлады.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.



КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

«ЕРКІНДІК пен ҮМІТ»

